

**ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ БӘСЕКЕГЕ КАБІЛЕТТІЛІГІ:
СЫН-КАТЕРЛЕР МЕН ҮРДІСТЕР
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ЭКОНОМИКИ И ПРАВА:
ВЫЗОВЫ И ТЕНДЕНЦИИ**

УДК 342.61 (511)

СОТ БИЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ УАҚЫТТЫҢ ТАЛАБЫ

Амиржанова Д., 4 курс, құқықтану, Экономика және құқық институты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Мукашева Г.К., МжҚТ кафедрасының аға оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Автор өз жұмысын жазуда Қазақстан Республикасында сот билік жүйесін жетілдіру бағытында, оның құқықтық негіздерін айқындауда пайдалануға болатындығын және уақыттың талабына сәйкес орын алып отырғандығын берген. Сонымен бірге, елімізде жүргізіліп, жалғасын тауып жатқан да құқықтық реформаларды одан әрі қарай дамыту еліміз үшін пайдасы зор іс екендігін ашуға тырысқан.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтардың мазмұнына жүгінсек, аталған мәселеөте кең ауқымын, өміршеңдігін де байқауға болады.

Сот жүйесін дамытуда жасалған маңызды жетістіктер: алқа заседательдері институтын енгізуі мәселесінің нақты түрдегі қаралуы, экономикалық, әкімшілік соттардың құрылуы, медиация институтының енізілуі және Астана қаласында халықаралық қаржы сотының құрылуы.

Қазақстандық сот төрелігі мен құқық қорғау жүйесі жеке меншік мүдделердің, азаматтардың құқығы мен бостандығы сақталуының сақшысы болуға тиіс.

Сот төрелігі саласынан өзге де соттың билігі соттың өзге де қызметтерін іс жүзіне асыруы кезінде нақты іске асырылады, атап айтатын болсақ:

- анықтау, алдын ала тергеу органдарын және прокурордың тарапынан қабылданған шешімдері мен ісәрекеттерінде заңдылықтарды бақылау;

- азаматтардың құқықтарын және заңдармен қорғалатын мүдделерін қорғау жөніндегі өтініштерді, сондай-ақ бұзылған құқықтарға және бостандықтарын бұзған ісәрекеттер, шешімдерге шағымдарды қарау;

- соттардың заңдар және басқа да нормативтік құқықтық актілерді қолданудың тәжірибесін зерделеу, жинақтау;

- жеке қаулылылармен мемлекеттік органдар және ұйымдардың қылмыстарды жасауға ықпал жасайтын себептер мен жағдайларды жоюы жөніндегі шараларды келтіру;

- республиканың Жоғарғы Сотының жалпы отырысында соттың тәжірибесі мәселелері бойынша өз кезегінде нормативтік қаулыларды қабылдау;

- жоғарғы тұрған соттардың төменгі тұрған соттардың іс жүргізу іс әрекеттеріне соттың қадағалауын іс жүзіне асыруы және тағы басқалары.

Сот төрелігі – адам және азаматтың, мемлекеттік пен мемлекеттік емес ұйымдардың, лауазымдық адамдардың өте маңызды құқықтары мен заңдарды іс жүзіне асыруға тура қатысы бар құқықты қорғау қызметінің негізгі қызметі.

Оның міндеттеріне өзге де құқықты қорғау қызметтерінде орындау бағындырылған. Мысалы, қылмыстық іс негізінде соттың төрелігі, егер бұл істің алдын ала құзыретті органдар өз кезегінде жан-жақты, толық түрде тергемесе, егер солар барлық керекті дәлелдемелерді анықтамасы және тағы басқа заңды, негізді және әділ іс жүзіне асырылмаған болар еді. Сондықтан да, сот төрелігі – құқықты қорғауы қызметінің тұтастай түрде алғанда жүрегі.

Елімізде соттарды реформалау жүргізілген жылдарда құқықтық база кеңейіп, соттың төрелігіне қол жетімділік болса артты. Бүгінде сотта өздерінің құқықтарын талап етуі мүм-

**ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ БӘСЕКЕГЕ КАБІЛЕТТІЛІГІ:
СЫН-КАТЕРЛЕР МЕН ҮРДІСТЕР
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ЭКОНОМИКИ И ПРАВА:
ВЫЗОВЫ И ТЕНДЕНЦИИ**

кіндігі ешқандай да шектелмейді. Азаматтардың сот төрелігіне қол жетімділігінің нанымды түрдегі шындығы – соттардың орындайтын жұмыстарының көлемінің өсуі. Тәуелсіздік алғаннан кей осынша аз жыл ішінде соттарға келіп түскен азаматтық істердің саны өсті. Соттар азаматтардың шағымдары және арыздарының 90% астамын қанағаттандырады, бұзылған құқықтардың қалпына келтіруі кепілділігінің жоғарғы дәрежесі жөні куәландырады.

Сонымен бірге, қазақстандық заңгерлер басқа елдердің заңгерлерімен халықаралық қатынастары жақсы дамып отыр. Қазақстан дүниежүзілік қоғамдыстықта жақсы беделге ие. «Халықаралық соттық реформа» ұйымының төрағасы баронесса Вивьен Стерн Қазақстанның соттық-атқарушылық жүйесі жақын уақытта Орталық Азия елдеріне үлгі бола алады деп пікір білдірген болатын. Көп шетелдің жоғары лауазымға ие тұлғалар Қазақстанды Орталық Азиядағы саяси, экономикалық, құқықтық реформаларды жүзеге асыруда лидер ретінде таниды.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі, соның ішінде сот жүйесі халықаралық талаптарға сай дамымай, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және басқа да салаларында жетістікке жетуге қиынға соғады.

Қазақстанда демократиялық бағыттағы дамыған сот жүйесін құруда айтылып кеткен жұмыстар іс жүзіне асырылуда. Осындай қызметтерді іс жүзіне асыру арқылы бұл жылы Президенттің халыққа жолдауында көзделгендей Қазақстан болса 50 дамыған мемлекеттердің құрамына енді.

Шетелдік озық тәжірибені ала отырып, қазіргі таңда Республикамызда соттық құқықтық реформалар жоспарлы, табысты түрде орындалуда. Мұнда маңызды рөлді еліміздің Президенті атқарды. 1995 жылғы Конституция бойынша қайтадан сайланған қос палаталы кәсіби Парламент өзінің жұмысына кіріспеген кезеңде мемлекеттің басшысы 1995 жылы 20 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының соттары және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңдық күші бар Жарлық қабылдады. 2000 жылы Мемлекеттің басшысы «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Заңның қабылдануына бастамашы болды және ол бізге «сот жүйесі тәуелсіздігін нығайту, сот төрелігін ісжүзіне асыру және азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарының соттық қорғалу сапасын жоғарлату үшін» қажет екенін көрсетті [1].

Қазақстан Президентінің 2000 жылы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының сот жүйесі тәуелсіздігін күшейту шаралары туралы» Жарлығының қорытындысында жоғарғы сот органдары қасында Соттық әкімшілік бойынша Комитет құрылды. Соттардың қызметін қамтамасыз ету жүйесі Әділет министрлігінің құрылымынан Жоғары Сотқа берілді. Бірақ та Жарлық Комитеттің Жоғары Соттан автономдығын қарастырған болатын, Комитет төрағасын мемлекеттің басшысы қызметіне тағайындап, Комитет жөніндегі ережені бекітетін. Жергілікті соттар деңгейінде солардың қызметтерін қамтамасыз етумен Комитетке бағынатын әкімшілер атқарды.

Сол шетелдік озық тәжірибеден алған практикасы бойынша, соңғы жылдары еліміздің сот төрелігін іске асыру сапасы мен жеделдігі жақсарды. Бұған Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының төрағасы Қ.А.Мәмидің аудандық соттарда іс қараудың мамандандырылуын енгізу, мамандандырылған экономикалық және әкімшілік соттарды құру туралы ұсынысы көмектесті десек артық айтқандық болмас. Біршама уақыт бұрын ювеналдық соттарды құру жұмыстары жоспарланған болатын. Ең бірінші «Қазақстандағы ювеналдық әділет» жобасы бойынша Алматы облысының Қарасай ауданында және Алматы қаласының Әуезов аудандарында ювеналдық соттар жұмыс істеп, сынақтар табысты аяқталды. Бұл жұмыстар қазіргі таңда жалғасын табуда [2, 1546].

Қазақстанда сот реформасы даулы мәселелердің бірі болып отыр. Мәселен, тұтқынға

**ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ БӘСЕКЕГЕ КАБІЛЕТТІЛІГІ:
СЫН-КАТЕРЛЕР МЕН ҮРДІСТЕР
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ЭКОНОМИКИ И ПРАВА:
ВЫЗОВЫ И ТЕНДЕНЦИИ**

алуға соттың санкция беруі және бұл Қазақстан Республикасының Конституциясының 16-бабының 2-тармағында: «заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі.

Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады» делінгеніне қарамастан болып отыр [3]. Осыған байланысты К.Х. Халиков, тұтқынға алу және қамауға алуға соттың санкциясы мәселелерін талқылай отырып, бұл мәселе әлемнің 110 мемлекетінде соттардың айрықша құзіретінде екенін, тек 17 мемлекетте ғана прокуратура тұтқынға алуға санкция беретінін айтады. Егер Ресей, Әзірбайжан, Украина, Литва, Эстония, Грузия сияқты Достастық мемлекеттерінде бұл сұрақ бойынша мәселелерді шешу жолдары сот құзіретіне жатса, тек Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Белорусь, Қазақстан секілді мемлекеттерде тұтқынға алу туралы санкцияны прокурор береді. Ал Қазақстанда бұған соттың құқығы да болу керек. Әрі қарай ғалым тұтқынға алу – латынның «arrestum» сөзінен сот қаулысы деген мағынаны білдіреді, – деп пайымдайды. Сондықтан тұтқынға алу – соттың ерекше құқығы деуге болады [4, 1876].

Судьяларға біліктілік талаптарын қатайту да қоғамда бүгін қажет болып отыр. Судьялар корпусындағы орнына үміткер нотариусте, ПМ – де, полицияда немесе заңгерлер дайындайтын ЖОО-да емес, кемінде 5 жыл сот жүйесінде істеген жұмыс өтіліне ие болуы тиіс. Кандидаттар жұмысынан босатылған негізде және бір жылдан кем емес мерзімде соттардағы сот тағылымдамасы үшін шарт ретінде қатаң тестілік іріктеуден өтуі тиіс. Кез келген жоғары тұрған судья төмен деңгейдегі соттарда жұмыс істеуден өтуге тиіс. Сондай-ақ, жұмысын енді бастаған судьялар үшін кем дегенде бір жыл сынақ мерзімін енгізген маңызды, ол одан табысты өткеннен кейін тұрақты судьялыққа тағайындала алады.

Шетелдік және отандық инвесторлар қазақстандық сот төрелігінің әділдігіне сенімді болулары тиіс. Оған деген сенімді арттыру үшін инвестициялық дауларды қарауға шетелдік судьяларды тарту және ондай дауларды шетелдік және халықаралық соттардың ең озық үлгі-қалыптары бойынша қарастыру керек [5] деп, биылғы кезектен тыс өткізілген еліміз Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат Н.Ә.Назарбаевтың «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес институционалдық реформа» Сайлауалды Бағдарламасында атап өтуі біздің.

Мемлекеттік органдардың өкілдері, мамандар мен лауазымды тұлғалар алыс-жақын шетелдердің тәжірибелерін зерттеп, өзімізге қажет деп табылған сот жетілдіру жұмысын жүргізуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. К.А. Маами «Становление и развитие судебной власти в РК» / А., 2001
2. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы ҚР-ның 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132 Конституциялық заңы adilet.zan.kz/kaz/doc
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл //өзгертулер мен толықтырулар 2020 жылға <http://adilet.zan.kz/kaz/>
4. А.Н. Сағындықова «Конституционное право Республики Казахстан» / А., 2006
5. ҚР-ның Президенттігіне кандидат Н.Ә.Назарбаевтың Сайлауалды Бағдарламасы. Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес институционалдық реформа: <http://egemen.kz/>